

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ СЕМЕЙ
ҚАЛАСЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

20 ж. « 3 » Жүргізілді
БСН 040940 004399
20 ж. « 02 » 10
Алғашқы тіркелген күні
ӨМТН 1996 -1917-044

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ СЕМЕЙ
ҚАЛАСЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

20 ж. « 02 » 10 Тірленді
Құрылтай құжаттарына (өрежеге) өзгертпе
өзгерту мен толықтырулар
БСН 040940 004399

Жалғыз акционердың -
«Қазақстан инжиниринг»
(Kazakhstan Engineering)
Ұлттық компаниясы»
Акционерлік қоғамының
Директорлар Кеңесінің
2019 жылы « 10 » Тоқсу
шешімімен

БЕКІТІЛГЕН
(№ 3 хаттама)

**«Семей инжиниринг»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Осы Жарғы «Семей инжиниринг» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін заңды тұлға ретінде анықтайтын құрылтай құжаты болып табылады.

3. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы. Қоғам мүдделі тұлғаның талабы бойынша, оған кейінгі қосылған өзгерістер мен толықтыруларды қоса қосқанда, осы Жарғымен танысу мүмкіндігін ұсынуға міндетті. Қоғам акционердің осы Жарғының көшірмелерін ұсыну туралы талабын 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде орындауға міндетті.

2-бап. Қоғамның мәртебесі

4. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлға деп танылады. Қоғамның меншік нысаны – жеке.

5. Қоғамның Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауландырылған мүлкі бар және Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейтіндігі сияқты оның міндеттемелері бойынша да жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

6. Қоғамның дербес теңгерімі, банктік есепшоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы көрсетілген мөрі бар. Қоғамның фирмалық атауы, тауарлық белгісі бар. Қоғамның сондай-ақ, үлгілері бекітілген тәртіпте бекітілетін және тіркелетін корпоративтік логотипы, туы мен дараландырудың басқа да құралдары бола алады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның тапсырмасы бойынша және оның атынан әрекет ететін, заңды тұлға болып табылмайтын, ол тұрған жерден тыс орналасқан филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3-бап. Қоғамның атауы мен орналасқан орны

9. Қоғамның толық және қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде:

- «Семей инжиниринг» Акционерлік қоғамы;

- «Семей инжиниринг» АҚ;

2) орыс тілінде:

- Акционерное общество «Семей инжиниринг»;
- АО «Семей инжиниринг».

10. Қоғамның атқарушы органының орналасқан орны:
071400, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы,
Батыс өнеркәсіп торабы, 1-үй.

4-бап. Қоғамның құрылтайшысы мен Жалғыз акционері

11. «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады.

5-бап. Қоғам қызметінің түрлері мен негізгі бағыттары, мақсаты

12. Қоғам қызметінің мақсаты - дербес шаруашылықтық қызметті жүзеге асырудың нәтижесінде таза табыс алу болып табылады.

13. Келесілер Қоғам қызметінің түрлері мен негізгі бағыттары болып табылады:

- 1) автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеу;
- 2) әскери ұрыстық автокөліктік құралдар өндірісі;
- 3) арнайы тағайындалған жабдықтар мен басқа машиналарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу;
- 4) металлдарды өңдеу мен металлдарға жабын жағу;
- 5) атыс қару-жарағын және артиллериялық қаруларды жөндеу.

Қоғам тізбесі заңнамалық актілермен айқындалатын қызметтің жекелеген түрлерімен тек қана лицензияның негізінде айналыса алады.

14. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік әдебінің жалпы қабылданған қағидаттарына (әдеттеріне), Жарғыға, өзінің шарттық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.

2-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

6-бап. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

15. Қоғамның Жалғыз акционері:

- 1) Заңмен және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде оның қаржылық есебімен танысуға;
- 4) Қоғамның орталық депозитариясынан немесе атаулы ұстаушысынан Қоғамның бағалы қағаздарына оның жеке меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның директорлар Кеңесін сайлауға;
- 6) Қоғамның органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша түрде сұраныспен арыздануға және осы сұраныс Қоғамға түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей нақты жауаптар алуға;

8) Қоғамды тарату кезінде мүлктің бөлігін алуға;

9) Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталымды басқа бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Заңмен бекітілген тәртіпте артықшылықпен сатып алуға;

10) Директорлар Кеңесі отырысын шақыртуды талап етуге;

11) өз қаражаты есебінен Қоғамға аудиторлық ұйыммен аудиттың жүргізілуін талап етуге;

12) Қоғамның лауазымды тұлғаларымен Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеу туралы талаппен және жасалуында Қоғамға зиянның туындауына әкеп соққан мүдделілік бар, ірі мәмілелер мен (немесе) мәмілелерді жасалуында жасау туралы (жасауға ұсыныстар) шешімдерді қабылдаудың нәтижесінде Қоғамға лауазымды тұлғамен және (немесе) оның аффирлендірілген тұлғаларымен алынған кірісті (табысты) қайтару туралы сот органдарына Заңмен қарастырылған жағдайларда өз атынан арыздануға;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес өзге құқықтарды пайдалануға құқылы.

Жарғының осы тармағында бекітілген Жалғыз акционердің құқықтарын шектеуге рұқсат етілмейді.

16. Қоғамның Жалғыз акционерінің міндеттері:

1) Заңмен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеу;

2) орталық депозитарийді және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлау;

3) Қоғам туралы және оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын қызметі туралы ақпаратты таратуға тыйым салу;

4) Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес басқа міндеттерді орындау.

Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) Қоғам акцияларын номиналды ұстаушы осы Жарғының 2) тармақшасында бекітілген талаптардың Жалғыз акционермен орындалмауының салдары үшін жауап бермейді.

3-ТАРАУ. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ

7-бап. Қоғам органдарының тізбесі

17. Қоғамның органдары болып табылатындар:

1) жоғарғы орган - Жалғыз акционер;

2) басқару органы - Директорлар Кеңесі;

3) атқарушы орган - Бас директор (жеке тұлғалық орган);

4) Қазақстан Республикасының Заңына, өзге нормативтік актілеріне және осы Жарғыға сәйкес өзге де органдар.

8-бап. Жалғыз акционер

18. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне Қоғамның Жарғысымен және Заңмен жатқызылған сұрақтар бойынша шешімдер Жалғыз акционермен жеке дара қабылданады және жазбаша түрде рәсімдеуге жатқызылады.

19. Жалғыз акционердің шешімдері Қоғамда сақталуы және Жалғыз акционерге танысу үшін кез-келген уақытта ұсынылуы тиіс.

20. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

3) Қоғамды өз еркімен қайта құру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акциялар санын арттыру туралы шешімді қабылдау немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрлерінің өзгерту;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі мен талаптарын айқындау, сондай-ақ, оларды өзгерту;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығарылымы туралы шешімдер қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түрлеріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастың талаптары мен тәртібін анықтау;

8) есептік комиссияның сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау мен олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, олармен өз қызметтерінің орындалғаны үшін Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығындарының орнын толтыру шарттары, мөлшерлерін анықтау;

10) Директорлар Кеңесі туралы ережені бекіту;

11) Бас директорды тағайындау мен өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, оның өкілеттік мерзімін, қызметтік еңбекақы мөлшерін, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда өтемақы төлемдерін, еңбекақы төлеу тәртібін, сыйақы (сыйлықақы) және әлеуметтік қолдауды анықтау, сонымен қатар онымен еңбек қатынасын тоқтату туралы шешім қабылдау;

12) Қоғамның аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

13) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

14) Қоғамның есептік қаржы жылы ішіндегі таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және есептемеде Қоғамның жай бір акциясына дивидендтің мөлшерін бекіту;

15) Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

16) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың қызметінде немесе құрылуына қатысуы туралы немесе Қоғамға барлық тиесілі активтерден жиырма бес және артық пайыз сомасындағы активтердің бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) жолымен басқа да заңды тұлғалардың қатысушылардың (акционерлердің) құрамнан шығуы туралы шешім қабылдау;

18) Қоғаммен Заңға және оған енгізілген өзгерістерге сәйкес акцияларды оларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу кезінде құнын анықтау әдістемесін бекіту;

19) «алтын акцияларды» енгізу немесе жою;

20) Қоғаммен нәтижесінде сатып алынатын немесе иеліктен алынатын (сатып алынуы немесе иеліктен алынуы мүмкін) оның активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан артық пайыздағы мәміле туралы шешімнің қабылданған күніне Қоғамның активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан артық пайызды құрайтын нәтижесінде мүлік Қоғаммен иеліктен алынатын немесе сатып алынатын (сатып алынуы немесе иеліктен алынуы мүмкін) ірі мәміленің жасалуы туралы шешімнің қабылдануы;

21) Қоғамның әкімшілік шығындарының жекелеген түрлерін анықтау, оның ішінде, Қоғамның қызметкерлеріне сыйақы беру мен әлеуметтік қолдау көрсетуге шығындар, өкілдік шығындардың, қызметтік іссапар шығындарын өтеу нормалары, қызметтік жеңіл автокөліктердің тиістілік, әкімшілік аппараттарды орналастыруға арналған алаңдардың нормативтері, ұялы байланысты қолдану;

22) Қоғамның Жалғыз акционерімен бекітілетін Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Жалғыз акционердің құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау;

23) Қоғамның Тауарларды, қызметтер мен жұмыстарды сатып алу ережесін бекіту;

24) Қоғамның саясатын бекіту, оның ішінде инвестициялық, дивидендтік, кадрлық және басқалары;

25) Қоғамның бюджеті мен Даму жоспарының мониторингы мен орындау, түзету, бекіту, келісу, әзірлеу қағидаларын бекіту;

26) шешімдердің қабылдануы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне Қоғамның ішкі құжаттарымен жатқызылған өзге де мәселелер;

21. Шешімдердің қабылдануы Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне, егер бұл Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де

заңнамалық актілерімен қарастырылмаса, басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне жатқызылған сұрақтарды беруге жол берілмейді.

22. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жатқызылған мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

9-бап. Директорлар Кеңесі

23. Директорлар Кеңесі Жалғыз акционердің шешімімен сайланады, Жалғыз акционердің айрықша құзыреттілігіне Қоғамның Жарғысымен және (немесе) Заңмен енгізілген мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Директорлар Кеңесі туралы ереженің негізінде әрекет етеді.

24. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) Қоғамның Даму жоспарын бекіту, оны жүзеге асыру мониторингына және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, орналастыру (жүзеге асыру) туралы шешім қабылдау, оның ішінде орналастырылған (жүзеге асырылған) акциялардың саны жарияланған акциялар саны, тәсілі және оларды орналастыру (жүзеге асыру) шегінде;
- 4) Қоғаммен орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды және оларды сатып алу бағасы туралы шешімнің қабылдануы;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту және Қоғамның өткен қаржы жылында таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның жай бір акциясына есептемедегі жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар енгізу;
- 6) Қоғамның облигациялары мен өндірістік бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ, оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Бас директорды тәртіптік жауапкершілікке тарту және жұмыстан шеттету, оның қызметінің кілттік көрсеткіштері мен олардың мақсаттық мәндерін бекіту, көтермелеу (сыйақы) туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын босату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру талаптары мен мөлшерін, әлеуметтік қолдау көрсетуді айқындау, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысына арналған қызметтің түйінді көрсеткіштерін бекіту;
- 9) Корпоративті хатшыны тағайындау, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын босату, лауазымдық қызметінің

мөлшерін, әлеуметтік қолдау көрсету мен сыйақы беру талаптарын анықтау, сондай-ақ, Корпоративті хатшының қызметінің түйінді көрсеткіштерін бекіту;

10) Директорлар Кеңесі комитетінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, олардың басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ, олар жайлы ережелерді бекіту;

11) аудиторлық ұйымның қаржылық есептіліктің аудиты үшін, сондай-ақ, Қоғамның акцияларына ақы төлеуге берілген мүліктің нарықтық құнын немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Бас директормен Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарын жазу мен аукциондар өткізу тәртібі мен талабын бекітетін ішкі құжатты бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдердің қабылдануы немесе олар туралы Ережелердің бекітілуі;

14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың қызметіне немесе құруға қатысуы немесе Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес пайызын құрайтын кем сомадағы активтердің бірнеше бөлігі мен бөлігін беру (алу) жолымен басқа заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығу туралы шешімнің қабылдануы;

15) осы Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыреттілігіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан артық пайызы Қоғамға сенімді басқаруға беру (алу), сатып алу (иеліктен алу) туралы шешімнің қабылдануы;

16) акцияларының он және одан артық пайызы Қоғамға тиесілі (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылатын қызметтің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның оның жеке капиталы мөлшерінің он және одан артық пайызын құрайтын үлеске міндеттемелердің артуы;

18) Қоғам туралы және оның қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) жасалуында шешім Жалғыз акционермен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер мен ірі мәмілелерді жасау туралы шешімдерді қабылдау;

20) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептемелерін қарастыру мен олар бойынша шешімдер қабылдау;

21) Жалғыз акционермен бекітілген тәртіпте Қоғамның бюджетін бекіту (1 жылға арналған бизнес-жоспар);

22) Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымын мен қызметкерлерінің жалпы санын бекіту;

23) Қоғамның есептік саясатын бекіту;

24) Қоғамның корпоративті басқаруының тиімділігін бағалау, Жалғыз акционерге оған өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

25) Іскерлік әдебі кодексінің бекітілуі және оның ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;

26) Директорлар Кеңесімен бекітілетін ішкі құжаттарға сәйкес, Директорлар Кеңесінің құзыретіне жататын шешімдер қабылдау;

27) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі құжаттарын және рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда), сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептемелерді қарастыру және бекіту;

28) Қоғамның ішкі бақылау жүйесін реттейтін құжаттарын бекіту, сондай-ақ, ішкі бақылау жүйесі бойынша есептерді бекіту мен қарастыру;

29) Қоғаммен Жалғыз акционердің қарастыруына енгізілетін мәселелерді алдын-ала қарау мен мақұлдау;

30) Жалғыз акционерге ұсыну үшін Директорлар Кеңесінің жұмысы туралы жыл сайынғы есептемені әзірлеу және мақұлдау;

31) Жалғыз акционердің айрықша құзыреттілігіне жатқызылмайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге де мәселелер.

25. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер Бас директорға шешім қабылдауы үшін берілмейді.

26. Директорлар Кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Бас директордың құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер, сондай-ақ, Жалғыз акционердің шешіміне қарама-қайшы шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

10-бап. Директорлар Кеңесінің құрамы

27. Жеке тұлға ғана Директорлар Кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар Кеңесі мүшесінің осы Жарғымен және (немесе) Заңға сәйкес оған жүктелген функцияларды орындауды басқа тұлғаларды беруге құқығы жоқ.

28. Директорлар Кеңесінің мүшелері:

1) акционерлерден – жеке тұлғалардың;

2) акционерлердің мүддесіндегі өкіл ретінде Директорлар Кеңесіне сайлануға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалардың;

3) акционердің өкілі ретінде Директорлар Кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) және Қоғамның акционері болып табылмайтын жеке тұлғалардан сайланады.

29. Бас директор Директорлар Кеңесінің төрағасы боп сайлана алмайды.

30. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар Кеңесінің құрамынан отыз пайызынан кем емесі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

31. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар осы Жарғымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітіледі.

11-бап. Директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі

32. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасымен карастырылмаса, шексіз сан рет сайлана алады.

33. Директорлар Кеңесінің өкілеттілік мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен бекітіледі.

34. Директорлар Кеңесінің (Директорлар Кеңесі мүшесінің) өкілеттілік мерзімі Жалғыз акционермен Директорлар Кеңесінің (Директорлар Кеңесі мүшесінің) жаңа құрамы сайланған күннен бастап аяқталады.

35. Жалғыз акционер Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар Кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттілігі Жалғыз акционермен оның өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

36. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттілігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар Кеңесін жазбаша хабардар етудің негізінде жүзеге асырылады.

37. Егер хабарламада Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатудың күні көрсетілмесе, Директорлар Кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттілігі Директорлар Кеңесінің көрсетілген хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады,

38. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады, сонымен бірге, Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесінің өкілеттілігі Директорлар Кеңесінің өкілеттілігінің мерзімі бүтіндей өтуімен бір мезетте аяқталады.

12-бап. Директорлар Кеңесінің төрағасы

39. Қоғамның Директорлар Кеңесінің төрағасы лауазымға Қоғамның Жалғыз акционерімен сайланады.

40. Директорлар Кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар Кеңесінің отырысын шақырады, оларда төрағалық етеді;

2) Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

3) Директорлар Кеңесінің отырысын жүргізеді;

4) Қоғамның атынан Директорлар Кеңесінің тәуелсіз директорларымен шарттар және Қоғамның Жалғыз акционерімен сайланған Бас директормен шарт жасайды;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

41. Директорлар Кеңесінің төрағасы жоқ болған жағдайда оның қызметтерін Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

13-бап. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

42. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Бас директордың бастамасы бойынша немесе,

- 1) Директорлар Кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционер талап етуі бойынша шақыртыла алады.

43. Директорлар Кеңесінің отырысын шақырту туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына Директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібіндегі мазмұнымен сәйкес жазбаша хабарламасын жолдау арқылы ұсынылады.

Директорлар Кеңесі төрағасының отырысты шақыртудан бас тартуы жағдайында бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар Кеңесін шақыртуға міндетті Бас директорға өтініш білдіруге құқылы.

Директорлар Кеңесінің отырысы Директорлар Кеңесі төрағасының немесе Бас директормен шақыру туралы талап түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей шақыртылуы тиіс.

Директорлар Кеңесінің отырысы міндетті түрде көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны шақырумен жүргізіледі.

44. Директорлар Кеңесін жүргізу туралы жазбаша хабарлама отырыстың күн тәртібінің мәселелерінің материалдарын қоса тіркеумен Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыстың жүргізілетін күннен кем дегенде жеті күн бұрын жолданған болуы тиіс.

Айрықша жағдайларда Директорлар Кеңесі төрағасының шешімі бойынша материалдар басқа мерзімдерде жолдана алады.

Директорлар Кеңесі отырысын жүргізу туралы хабарлама отырыстың өткізілу күні, уақыты мен орны туралы мәліметтер, сондай-ақ, оның күн тәртібі мен оның мәселелері бойынша шешімдердің жобалары мазмұнында болуы тиіс.

Жасалуында мүдделілік бар мәмілені және (немесе) ірі мәмілені жасау туралы шешімнің қабылдануы жайлы мәселені қарастыру жағдайында мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен орындалуы туралы, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі мен сипаты, сондай-ақ, бағалаушының есептемесі (Заңмен қарастырылған жағдайда) туралы мәліметтерді құрауы тиіс.

45. Директорлар Кеңесінің мүшесі Бас директорды Директорлар Кеңесінің отырысына өз қатысуының мүмкін еместігі туралы алдын-ала хабардар етуге міндетті.

46. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесі отырысының өткізілуі туралы хабарлама жіберу тәртібі Директорлар Кеңесімен анықталады.

14-бап. Директорлар Кеңесін жүргізу тәртібі

47. Директорлар Кеңесін жүргізуге арналған кворум Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелерінің жартысынан кем емесін құрайды және отырысқа бейнеконференцияларды (интерактивті), конференц-байланысты (телефондық байланыс режимінде Директорлар Кеңесі мүшелерінің бір мезеттегі сөйлесулері), өзге де байланыс құралдарын қолдану жолымен қатысушыларды, сондай-ақ, Директорлар Кеңесінің жоқ мүшелерін қосымен (жазбаша түрде бейнеленген олардың дауыстары болған кезде), Директорлар Кеңесі мүшелерін есептеумен айқындалады.

Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізуге жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар Кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау қажеттілігі туралы өтініш білдіруге міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері тек көрсетілген өтініштің Жалғыз акционерге жолдануы туралы шешім қабылдауға құқылы.

48. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір ғана дауыс бере алады. Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар Кеңесі мүшелерінің жай дауыстарының көпшілігі бойынша қабылданады.

49. Дауыстар тең болған кезде, Директорлар Кеңесі төрағасының немесе Директорлар Кеңесінің отырысына төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

50. Директорлар Кеңесі тек Директорлар Кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын жүргізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

51. Директорлар Кеңесі отырысты дауыс берудің ашық және жабық нысанында жүргізеді.

52. Директорлар Кеңесінің сырттай өткен отырысының шешімі Қоғамның Директорлар Кеңесінің төрағасымен, Корпоративті хатшысымен немесе Директорлар Кеңесі отырысы хатшысының қызметін жүзеге асыратын тұлғамен ол жоқ болған жағдайда қол қойылған бюллетеньдерді тігу жолымен қол қойылған жазбаша түрде рәсімделеді.

Директорлар Кеңесінің сырттай өткен отырысының шешімі бюллетеньдерде бекітілген мерзімде алынған кворум болған кезде қабылданған болып танылады.

Шешім қабылданған күннен бастап жиырма күннің ішінде ол Директорлар Кеңесінің мүшелеріне осы шешім қабылданған бюллетень көшірмелерін қоса тіркеудің негізінде жолданған болуы тиіс.

53. Ашық тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімдері отырыс өткізілген күннен бастап үш күннің ішінде жасалған хаттамамен рәсімделіп, отырысқа төрағалық еткен тұлғамен, және Корпоративті хатшымен қолы қойылған және келесі мазмұнда болуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы мен атқарушы органының орналасқан жері;
- 2) отырысты жүргізу күні, орны мен уақыты;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер;

6) Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс берудің «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» нұсқаларының сәйкес бағандарындағы өз қолымен қойылған қолдары мазмұнындағы Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің қорытындылары;

7) қабылданған шешімдер;

8) Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

54. Директорлар Кеңесі отырыстарының сырттай дауыс беру жолымен қабылданған хаттамалары мен шешімдері Қоғамда сақталады.

Корпоративті хатшы немесе Директорлар Кеңесі хатшысының қызметтерін жүзеге асыратын тұлға ол жоқ болған жағдайда, Директорлар Кеңесі мүшесінің талабы бойынша, оған Қоғамның Директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімді танысу үшін және (немесе) оған Қоғамның өкілетті қызметкерінің қолымен және Директорлар Кеңесі мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылған шешім мен хаттамадан үзінді көшірмелер ұсынуға міндетті.

55. Директорлар Кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар Кеңесімен қабылданған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар Кеңесінің мүшесі осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген тәртіпті бұзуда, оған сот тәртібімен келіспеуге құқылы.

56. Жалғыз акционер Директорлар Кеңесінің осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын бұзумен қабылданған шешімін егер осы көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылумен қабылданған шешімдерін сотта келіспеуге құқылы.

15-бап. Бас директор

57. Ағымдық қызметке басшылық ету – жеке-дара атқарушы орган – Бас директормен жүзеге асырылады.

Бас директор Жалғыз акционермен тағайындалады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның лауазымды тұлғалары мен басқа органдардың құзыретіне жатқызылған сұрақтарды қоспағанда, Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша қабылдауға құқылы.

Бас директор Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам оның Бас директорымен жасалған мәміленің Қоғаммен бекітілген шектеулерді бұзумен жасалғандығын, егер, мәміле жасау сәтінде тараптардың осындай шектеулер туралы білгендігін дәлелдей алса, шынайылығына наразылық білдіруге құқылы.

Бас директор атқарушы органның басшысының немесе атқарушы органның қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын басқа заңды тұлғаның лауазымында болуға құқығы жоқ.

Бас директордың құқықтары мен міндеттері, қызметтері Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ, Қоғамның көрсетілген тұлғасымен жасалатын еңбек шартымен айкындалады. Қоғамның атынан Бас директормен жасалған еңбек шартына бұған Қоғамның Жалғыз акционерімен өкілеттілік берілген тұлғамен қол қойылады.

58. Бас директор өз өкілеттілігі шегінде:

1) Директорлар Кеңесінің, Жалғыз акционердің шешімдерінің, жылдық қаржылық есептілікті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардың ұсынымдарының, сондай-ақ, Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындауды ұйымдастырады;

2) Қоғамның бюджетін, Даму жоспарын жүзеге асыруды іске асырады;

3) шешімдердің қабылдануы Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің құзыретіне жататындарды қоспағанда, кез-келген мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдайды;

4) Қоғамның ішкі, оның ішінде тәуекелдерді басқару бойынша рәсімдерін қолдануды жүзеге асырады, Қоғамның ішкі құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін бекітеді, сондай-ақ, Директорлар Кеңесін Қоғамды ішкі бақылау жүйесі туралы мен тәуекелдерді басқару жүйесі туралы хабардар етеді;

5) Директорлар Кеңесімен және Жалғыз акционермен бекітілуге жатқызылмайтын құжаттарға Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

6) Қоғамның барлық қызметкерлерімен орындалуы үшін міндетті Қоғамның ағымдық қызметіне қатысты, оның ішінде Қоғамның Директорлар Кеңесінің және Жалғыз акционерінің шешімдерінің орындалуын бақылау мәселесі бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

7) Директорлар Кеңесімен бекітілген Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы мен қызметкерлерінің жалпы санын есептеумен, Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;

8) ішкі (қызметтік) ақпараттың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес Қоғамның қызметінің ақпараттық жарықтандыру мен ақпаратты ашуға жауапкершілікте болады;

9) үшінші тұлғалармен қарым-қатынас кезінде Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

10) үшінші тұлғалармен қарым-қатынас кезінде Қоғамды ұсыну құқығына сенімхат береді;

11) Қоғамның қызметкерлеріне қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда), оларға тәртіптік жаза қолдану және көтермелеу шараларын қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық қызметінің мөлшерлерін және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес қызметкерлерге дербес үстемелерді бекітеді,

Қоғамның Корпоративті хатшысы мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақының мөлшерлерін айқындайды;

12) Қоғамның атынан Қоғамның қызметкерлерімен, оның ішінде Директорлар Кеңесінің тапсыруы бойынша Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және Корпоративті хатшымен еңбек шарттарын жасайды және бұзады;

13) Қоғамның Бас бухгалтеры мен өз орынбасарларына кандидатураларды жұмысқа қабылдаудың алдында Қоғамның Директорлар Кеңесінің Төрағасымен жазбаша келіседі;

14) өзі жоқ болған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды өз орынбасарларының біріне жүктейді;

15) өз және өзінің орынбасарларының арасында жауапкершілік пен өкілеттілік саласын, міндеттерді бөледі;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Жалғыз акционермен және Директорлар Кеңесінің шешімдерімен айқындалған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Бас директордың шетелдік іссапарлары Директорлар Кеңесінің төрағасымен жазбаша келісу бойынша жүзеге асырылады.

16-бап. Ішкі аудит қызметі.

59. Қоғамның қаржылық-шаруашылықтық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында, корпоративті басқару мен консультация беру саласында құжаттарды орындауды бағалау мақсатында Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметі мен құзыреті Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

60. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, оның ішінде оның басшысы Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша сайланады және өз өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатады.

61. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар Кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

62. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар Кеңесіне бағынысты болады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

63. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу талаптары мен сыйақы беру мөлшері Директорлар Кеңесімен айқындалады.

17-бап. Корпоративті хатшы.

64. Директорлар Кеңесімен тағайындалатын және оған есеп беретін, Директорлар Кеңесінің мүшесі емес Қоғамның қызметкері Қоғамның Корпоративті хатшысы бола алады.

65. Корпоративті хатшы:

1) органдармен және Қоғамның лауазымды тұлғаларымен Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдердің сақталуын қамтамасыз етеді;

2) Қоғаммен Қазақстан Республикасының корпоративті басқару саласындағы заңнамасының, Жарғының және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының нормалары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

3) Қоғамның Директорлар Кеңесі отырыстарына даярлық пен жүргізуге бақылауды жүзеге асырады;

4) Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін бақылау жүргізеді;

5) Директорлар Кеңесі мүшелерімен нақты және дәл ақпараттың дер кезінде алынуын қамтамасыз етеді, Қоғамның органдарының арасында тиімді ақпарат алмасуға мүмкіндік туғызады;

6) Бас директор мен Директорлар Кеңесі мүшелері үшін корпоративті басқарудың барлық мәселелері бойынша кеңесшінің қызметтерін орындайды;

7) Қоғамның аффирлендірілген тұлғалары туралы ақпарат жинауды, мониторингін жүзеге асырады және оны өкілетті органдарға жолдайды.

66. Қоғамның Корпоративті хатшысының мәртебесі, қызметі мен міндеттері Қоғамның Корпоративті хатшы туралы ережесімен, Қазақстан Республикасының Заңнамасымен, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен айқындалады.

18-бап. Қоғамның лауазымды тұлғаларының қызметтерінің қағидаттары

67. Директорлар Кеңесінің мүшелері мен Бас директор Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады.

68. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін неғұрлым үлкен дәрежеде бейнелейтін тәсілдерді қолданады;

2) Қоғамның мүлкін осы Жарғыға, Директорлар Кеңесінің және Жалғыз акционердің шешімдеріне қарама-қайшылықта қолдануға жол бермеулері, сондай-ақ, жеке мақсатта және өзінің аффирлендірілген тұлғаларымен мәміле жасау кезінде теріс пайдаланбаулары тиіс;

3) тәуелсіз аудитты жүргізуді қоса қосқанда, қаржылық есеп пен бухгалтерлік есеп жүйелерінің бүтіндігін қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну мен ашуды бақылайды;

5) Қоғам қызметі туралы ақпараттардың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы жұмысы тоқтаған сәттен бастап егер бұл Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітілмесе үш жылға дейін сақтауға міндетті.

6) өз қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Корпоративті басқару қағидаттарының талаптарына, сондай-ақ, әдептілік стандартына және Іскерлік әдебі кодексіне толық сәйкестігін қамтамасыз етеді;

7) өзін өзіне (немесе өзімен байланысты тұлғаларға) қатысты да, басқаларға қатысты да мүдделердің дауларының туындауы мүмкін жағдайларға жол берместей ұстау.

69. Директорлар Кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Қоғамның ішкі құжаттарының, ақпараттандырылу, айқындылық, Қоғамның және оның Жалғыз акционерінің мүддесі негізінде еңбек шартының талаптарына сәйкес әрекет етулері;

